


Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Тазартыс кеңістігін күтіп ұстаудың сызбада келтірілген түрі




- A) бос таужынысының кезекті құлауы мен бекіту
- B) қатайма толтырма мен бекітпе
- C) бекітпе мен толтырма
- D) бекітпе
- E) толтырма

2. Осы белгі бойынша көлбеу кен шоғырлары деп аталады

- A) 35° -қа дейін
- B) $8-15^{\circ}$ - тан жоғары
- C) $8-10^{\circ}$ - қа дейін
- D) 35° -тан жоғары
- E) $25-30^{\circ}$ -қа дейін

3. Кенорындарын жерасты әдісімен игеру жүйелерінің жіктемесі негізіне сәйкес суреттегі игеру жүйесі



- A) қабаттап опыра құлата біртұтас игеру
- B) біртұтас игеру
- C) қабатшалармен және жолақтармен игеру
- D) сырттан әкелінетін материалдармен игеру
- E) төбені опыра құлатып бағаналы игеру


4. Табиғи жарықшақты ұлғайту және жасанды сынақ жасау, монолиттерді сілемнен айырып алу үшін қолданылатын жарылғыш заттар

- A) тенерес
- B) тотықтырғыш
- C) бризанттылығы төмен
- D) қоздырғыш
- E) бризанттылығы жоғары

5. Байыту фабрикасында әртүрлі өнімді уату үшін келесі соққылық әрекеті қолданады

- A) жақты
- B) конусты
- C) балғалы
- D) вакалды
- E) жылжымалы

6. Суреттегі шпурлардың орналасу түрі



- A) тура
- B) орталық пирамидалы
- C) тік клинді
- D) төменгі клинді
- E) призмалық

7. Игеру (қазу) жүйелерінің классификациясына В.Р. Именитовтың ұсынысы бойынша II кластағы жүйенің ерекшеленуі

- A) тазарта қазылған кеңістігін механикаландырылған кентіректермен күтіп ұстау
- B) тазарта қазылған кеңістігін күтіп ұстамайды тазартыс кеңістігін төбесіндегі кенді құлату арқылы
- C) тазарта қазылған кеңістігін толтырма немесе бекітпелермен күтіп ұстау
- D) тазарта қазылған кеңістігін кентіректермен күтіп ұстау
- E) тазарта қазылған кеңістігін толтырма мен күтіп ұстайды

8. Таужынысының меншікті салмағы дегеніміз:

- A) қатты күйдегі массасы
- B) құрғақ таужыныстары массасы
- C) тығыздығы
- D) көлемдік массасы
- E) ылғалдылығы

9. Төменгі қабаттан жоғарғы қабатқа дейін жүргізілген жер бетімен тікелей қатынасы жоқ тік немесе көлбеу қазба

- A) ор
- B) шурф
- C) өрлеме
- D) көмекші оқпан
- E) тұйық оқпан

10. Архитектуралық – құрылыс мақсатында қазылатын граниттің сапасы

- A) созылымды
- B) өте берік
- C) жарықшақты
- D) ұсақ құрамды
- E) морт сынғыш